

«А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектеп» ММ
Қамқоршылық кеңес хаттамасы № 3

12.03.2020 жыл

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы (Ш.Кожаяханова)
2. СӨС жоспарының орындалуы және оқушылардың сабақта және үзіліс арасындағы тәртібін тексеру жөнінде ақпарат (Ш.Кожаяханова)
3. Мектептегі рухани-жаңғыру бойынша тәрбие берудің тиімділігі (Ш.Кожаяханова)

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы (Ш.Кожаяханова) мектеп бойынша жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес кешкі уақыттарда рейдтер жүргізіледі. Жергілікті участкелік инспекторымен «Құқықбұзушылықтың алын-алу шаралары» тақырыбында дәріс өткізілді. «Адалдық сағаты» 8-11 сыныптар арасында аудандық мәслихат депутаты Ж.Сембин өткізді. Оқушыларға адал болуды, парасаттылық қасиетті жоғары ұстауға, ата-ананың сенімін ақтауға деген ойымен бөлісіп, талдау жұмыстарын жүргізді.










2. СӨС жоспарының орындалуы және оқушылардың сабақта және үзіліс арасындағы тәртібін тексеру жөнінде ақпарат (Ш.Кожаяханова) мектеп бойынша жоспарлар құрылып, оны жүзеге асыру жұмыстары жасалып жатыр. СӨС жоспарына сәйкес облыстық семинарлар мен вебинарларға қатысып, талқылау жұмыстарын жүргіздік. Сауалнамалар жүргізу арқылы мектептің даму деңгейі анықталды.

3. Мектептегі рухани-жаңғыру бойынша тәрбие берудің тиімділігі (Ш.Кожаяханова) А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектебі бойынша «Рухани жаңғыру» бағытында жоспар құрылып, бекітілді. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының игілікті істерінің бірі болған, мектебіміздің мәртесін көтерген республикалық байқау болды. Мектебіміз «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» ұйымдастырған «Ауылдық мектептердің цифрлық бейнесі» республикалық байқауына қатысып жүлделі II орынға ие болды. Мектеп ұжымы білім мен тәрбие бағытында жеткен толағай табыстарының нәтижесін осы фильмде көрсете білді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының кіші бағыттарының негізінде іске асқан игіліктердің бірі «Мектепке тағзым» жобасында ұстаздар қауымы үшін ауылымыздың азаматтары тәуелсіздік мерекесіне орайластырып, ұстаздарға деген өз құрметтерін ерекше көрсете білді. Осы айтулы, мереке күндері мектебімізде жаңа форматтағы «Teacher's office» мұғалімдер бөлмесі ашылды. Ұстаздар қауымы үшін үлкен мәртебе, үлкен қуаныш болды. «Teacher's office» мұғалімдер бөлмесінде ноутбуктер, принтерлер, сөрелер, демалағын орындар қарастырылған. Өр мұғалімге осы бөлмені шексіз пайдалануға, жұмыстарын жасауға, әріптестерімен ой бөлісуге, талқылауға лайықталып жабдықталды. Осындай мүмкіндіктерді ұстаздарға сыйлап отырған, өз құрметтерін көрсетіп, демеуші болған

«Сартай» шаруа қожалығының басшысы, ауыл азаматы Жүнісов Сүлеймен ағаның бастауымен, осы мектептің 1981 жылғы түлектерінің қостауымен, ауылымыздың үлкендері Имандар атынан жасалған үлкен тарту деп білеміз. Облыстық «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мектебімізде «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы құрылды. Бұл бағдарламаның мақсаты - бірыңғай топтар құру арқылы оқушыларды ауызбіршілікке, біртұтастыққа бейімдеу, жоғары сынып пен төменгі сынып оқушылары арасында бауырмалдық, қамқорлық қарым-қатынас қалыптастыру. Осы негізде сынып жетекшілермен семинар өткізілді. Семинар барысында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы құрылып, әр топ атауын, эмблемасын және ұранын қорғап шықты.

Шешім:

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары үнемі жалғастырылсын
2. СӨС жоспарының орындалуы және оқушылардың сабақта және үзіліс арасындағы тәртібін тексеру жөнінде ақпарат үнемі беріліп отырсын
3. Мектептегі рухани-жаңғыру бойынша тәрбие берудің тиімділігі жалғастыру

Кеңес төрайымы:		С.Макина
Кеңес мүшесі		Н.Жайлауова
Кеңес мүшесі		М.Масуготов (м.а)
Кеңес мүшесі		Б.Жумадиллов
Кеңес мүшесі		А.Рустемханова
Кеңес мүшесі		Ж.Байдильдина
Кеңес мүшесі		М.Абельдинова
Кеңес мүшесі		М.Аскарова
Кеңес мүшесі		С.Жунусов